



аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

АЛТЫН астық

8 желтоқсан - декабрь 2025 год

eginredaksiya.kz

№ 46(670)



Еңбек түбі береке

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы саласының негізгі бағыттары егіншілік және мал шаруашылығы болып табылады. Еңбек саласында көп жылдар бойы аянбай еңбек етіп, жастарға үлгі болып жүрген Даулен Құттыбайұлы Балтабаев ауданымызда ауыл шаруашылығы саласының дамуына салмақты үлес қосып келе жетқан жан.

Даулен Құттыбайұлы Егіндікөл ауданы Тоғанас ауылының тумасы, ауыл шаруашылығы саласында үздік қызмет атқарған еңбекқор азамат. Жастар үшін үлгі боларлық тұлға, ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі зор. Көп жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында жүргізуші болып жұмыс істей жүріп, алтын астықты тасып, дала еңбеккерлерінің адал еңбегін бағалауға және олардың жеңісіне үлес қосты. Даулен Құттыбайұлының еңбек жолы ауыл шаруашылығындағы ең қиын да жауапты қызметтің бірі — астық тасымалдауға арналды. Даулен Құттыбайұлы өз қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді.



Ол үшін әрбір астық бидайының терең маңызы бар, өйткені ол тек өнім ғана емес, жер мен еңбек, халықтың маңдай тері. Даулен Құттыбайұлы өзінің қолымен егіс даласындағы еңбекшілерге көмек көрсетіп, олардың игі ісінің жемісін тасымалдау үшін қолынан келгенін аямай еңбек етті.

Ерен еңбегі үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған Балтабаев Даулен Құттыбайұлының бұл марапаты оның адал еңбегінің және ауыл шаруашылығы саласындағы жоғары кәсібилігінің нақты көрінісі. Осындай марапаттар, ең алдымен, адамның өз жұмысын жүрегінен жасайтынын, оның сол жұмыста қаншалықты шебер әрі жан-жақты екенін көрсетеді. Даулен Құттыбайұлының жетістіктері мен елге жасаған жақсылығын жергілікті тұрғындар да жоғары бағалайды. Оның еңбекке деген құрметі мен мұқияттықпен атқарған жұмысы ауылдың өзге еңбеккерлеріне де үлгі болып, ауыл шаруашылығы саласында әркімнің өз ісіне адал қызмет етуін талап етеді.

Даулен Құттыбайұлының ауыл шаруашылығындағы көпжылдық еңбек өтілі мен адалдығы ауылдың ғана емес, ауданның да көзге түскен тұлғасы етті. Оның адал еңбегі мен ауыл шаруашылығына деген ықыласы көптеген адамдарға үлгі болды. Ол ауылдың дамуына қосқан үлесі үшін әрқашан мақтанышпен аталады. Даулен Құттыбайұлы тек еңбекқор азамат қана емес, сондай-ақ отбасы алдындағы жауапкершілікті де жоғары бағалайтын адам. Ол қазіргі таңда екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке. Даулен Құттыбайұлы үшін отбасына көңіл бөлу мен бала тәрбиесі — ең маңызды мәселе. Отбасында өз балаларын еңбекқорлыққа, адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеуде даусыз үлгі болып келеді. Ол әрқашан отбасын алдыңғы орынға қойып, еңбекке деген махаббатты балаларға да үйретеді. Ата-ана ретінде ол өз балаларына ауыл шаруашылығын қадірлеуді, ауыл өмірінің маңыздылығын жеткізе білді.

Қ. Шынтеміров,

Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы

Жабдықталған кабинет – білімге апарар жол



Еліміздің алдында тұрған басты мәселелердің бірі – заман талабына сай білімді ұрпақ қалыптастыру. Бұл жолда өркениеттің өріне шығаратын алғашқы баспалдақ – білім ордасы мектеп екендігі анық. Осы орайда өскелең ұрпақ тәрбиелеуде заманауи жабдықталған пән кабинеттері, заманауи ақпараттық-технология, жайлы мектептің маңызы зор екендігі сөзсіз.

Бытырғы оқу жылында мектебімізде күрделі жөндеу



жүргізіліп, заман талабына сай жайлы мектептер қатарына енген еді. Осы жылы әр пән кабинеті заманауи жабдықталды. Мектептің кіре берісіне Ұлттық рәміздер тақтасы жарқырап тұр. Ұлттық қор мен НЗМ бірлестікті көрсететін ағаш тәрбиенің тамыры мектепте екендігін көрсеткендей.

мектеп оқушылары үшін жаасалып жатқан осындай қуанышпен бөлісу үшін аудан әкімі Юрий Курушин, аудандық білім бөлімінің басшысы Т.Б.Каратаев және жұмыс тобы өкілдері мектебімізге келіп, кабинеттердің жұмысымен танысты. Телестудияда жас журналистер жұмыс істейді. Өздері бейнебаян түсіріп, сұхбат жүргізеді. Өздері журналсит, өздері оператор. Телестудияда барлық жарық, камера, микрофон барлығы толықтай жұмыс істейді. STEM зертханасында балалар виртуалды әлеммен танысып, сарамандық жұмыстар жүргізеді. Қыздар шеберханасында киім тігу, кесте тоқу, тамақ әзірлеу үшін барлық техника жабдықталған. Ұлдар шеберханасында ұлдар өздері ағаштан ою ойып, түйін жсай алады. Сонымен қатар, жас суретшілер

үшін АРТ студия жұмыс істейді. Физика, химия, биология кабинеттері заманауи зертханалармен жабдықталып, түрлі зертханалық зерттеулер жасауға толықтай мүмкіндік береді. Робототехника кабинетінде оқушылар роботтар құрастырады. Бүгінгі таңда оқушылар дрон құрастыруда. Басқа пән кабинеттері сабақ барысына қажет болатын құрылғылардың барлығымен қамтылды. Сондай-ақ әр пәннің ерекшелігіне қарай



жаңа парталар мен орындықтар бар. Сондай ақ бұл кабинеттердің тағы бір ерекшелігі, соңғы үлгідегі сенсорлы теледидармен қамтылған. Мұғалімдер де сабақ барысында ғаламтор желісін еркін пайдаланып, қажетті мәліметтерді тез тауып, сабақтарын жеңіл жүргізе алады. Сабақ беру процесін едәуір жеңілдетті. Көрнекіліктер, карталар, глобус, жел жылдамдығын зерттейтін құрылғы өзге де заманауи құрылғылар оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасап отыр. Осындай жабдықталған мектеп тынысымен танысқан аудан басшысы балаларға оқу мен білім алуда сәттілік тіледі.

Егіндікөл ауылының №1 ЖОББ
мектебінің әкімшілігі

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2025 жылғы 18 қарашадағы № 8С34-2
шешіміне 2 қосымша
Егіндікөл аудандық мәслихатының
2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 8С25-2
шешіміне 4 қосымша
2025 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен
бюджеттік кредиттер

Атауы	Сома, мың теңге
Барлығы	297 290,0
Ағымдағы нысаналы трансферттер	252 072,0
Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, ұйымдар жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалақысын арттыруға	1 191,0
Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға	3 943,0
Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға	246 938,0
Бюджеттік несиелер	45 218,0
оның ішінде:	
Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін	45 218,0

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2025 жылғы 18 қарашадағы № 8С34-2
шешіміне 3 қосымша
Егіндікөл аудандық мәслихатының
2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 8С25-2
шешіміне 5 қосымша
2025 жылға арналған облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер

Атауы	Сома, мың теңге
Барлығы	1 121 402,4
Ағымдағы нысаналы трансферттер	985 123,7
оның ішінде:	
Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыруға	5 375,0
Ауылдық жерлерде тұратын педагогтер үшін отын сатып алуға және коммуналдық қызметтерді төлеуге	12 739,7
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге	3 200,0
Жекелеген санаттарға әлеуметтік көмекке	1 611,4
Қарт адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету үшін	7 400,2
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы материалдық-техникалық базаны нығайтуға	168 944,0
Автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеуге	121 992,8
«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға	302 081,0
Сумен жабдықтау объектілерін ағымдағы жөндеуге	141 299,3
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	83 418,3
Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға	137 062,0
Нысаналы даму трансферттері	136 278,7
оның ішінде:	
Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға	99 752,4
Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және жайластыру	36 526,3

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2025 жылғы 18 қарашадағы № 8С34-2
шешіміне 4 қосымша
Егіндікөл аудандық мәслихатының
2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 8С25-2
шешіміне 6 қосымша
Аудандық бюджеттен ауылдық округтер мен ауылдардың бюджеттеріне 2025 жылдарға
арналған нысаналы трансферттер

Атауы	Сома, мың теңге
Барлығы	145 460,3
Ағымдағы нысаналы трансферттер	145 460,3
оның ішінде:	
Қосымша ақшалай төлемдерге	9 383,3
Ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз етуге	6 757,5
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа	111 230,8
Көлік және коммуникацияға	18 088,7

Приложение 2
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 18 ноября 2025 года № 8С34-2
Приложение 4
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 24 декабря 2024 года № 8С25-2
Целевые трансферты и бюджетные кредиты из республиканского бюджета на 2025 год

Наименование	Сумма, тысяч тенге
Всего	297 290,0
Целевые текущие трансферты	252 072,0
На повышение заработной платы отдельных категорий гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счёт средств государственного бюджета, работников казённых предприятий	1 191,0
На обеспечение прав и улучшение качества жизни лиц с инвалидностью в Республике Казахстан	3 943,0
На приобретение жилищ коммунального жилищного фонда для социально уязвимых слоев населения	246 938,0
Бюджетные кредиты	45 218,0
в том числе:	
Для реализации мер социальной поддержки специалистов	45 218,0

Приложение 3
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 18 ноября 2025 года № 8С34-2
Приложение 5
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 24 декабря 2024 года № 8С25-2
Целевые трансферты из областного бюджета на 2025 год

Наименование	Сумма, тысяч тенге
Всего	1 121 402,4
Целевые текущие трансферты	985 123,7
в том числе:	
На социальное обеспечение лиц с инвалидностью	5 375,0
На приобретение топлива и оплату коммунальных услуг для педагогов, проживающих в сельской местности	12 739,7
На выплату государственной адресной социальной помощи	3 200,0
На социальную помощь отдельным категориям граждан	1 611,4
На социальную поддержку пожилых людей	7 400,2
На укрепление материально-технической базы в сфере жилищно-коммунального хозяйства	168 944,0
На текущий ремонт автомобильных дорог	121 992,8
На реализацию мероприятий по социальной и инженерной инфраструктуре в сельских населенных пунктах в рамках проекта «Ауыл - Ел бесігі»	302 081,0
На текущий ремонт объектов водоснабжения	141 299,3
На жилищно-коммунального хозяйство	83 418,3
На приобретение жилищ коммунального жилищного фонда для социально уязвимых слоев населения	137 062,0
Целевые трансферты на развитие	136 278,7
в том числе:	
На строительство жилья коммунального жилищного фонда	99 752,4
На развитие и обустройство инженерно-коммуникационной инфраструктуры	36 526,3

к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 18 ноября 2025 года № 8С34-2
Приложение 6
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 24 декабря 2024 года № 8С25-2
Целевые трансферты из районного бюджета бюджетам сельских округов и сел на 2025 год

Наименование	Сумма, тысяч тенге
Всего	145 460,3
Целевые текущие трансферты	145 460,3
в том числе:	
На дополнительные денежные выплаты	9 383,3
На обеспечение деятельности акима села	6 757,5
На жилищно-коммунальное хозяйство	111 230,8
На транспорт и коммуникации	18088,7

қарыздарды өтеу –0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 56,5 мың теңге.»;
9-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:
«9. 2025-2027 жылдарға арналған Жалманқұлақ ауылдық округінің бюджеті тиісінше 25, 26, 27-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 22 615,3 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 8 207,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 14 408,3 мың теңге;
2) шығындар – 23 616,3 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 001,0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 001,0 мың теңге;
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 001,0 мың теңге.»;
көрсетілген шешімнің 4, 7, 10, 13, 16, 19, 22, 25, 28-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.
2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл аудандық
маслихатының төрағасы

Қ. Шынтеміров

Председатель Егиндыкольского
районного маслихата

К. Шинтемиров
жалғасы келесі санда

Егіндікөлге А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ҒӨО ғалымдары келді

Бүгін Егіндікөл ауданында шаруалар үшін маңызды оқиға - А.И.Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы мамандарының жұмыс сапары болып өтті. Кездесудің мақсаты - егіншіліктің тиімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өндірісін өзгермелі климаттық жағдайларға бейімдеуге бағытталған бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық әзірлемелерді ілгерілету және енгізу. Ғалымдар аграршыларға көпжылдық ғылыми зерттеулерге негізделген заманауи технологияларды ұсынды: құрғақшылыққа бейімделген дәнді дақылдардың жаңа сорттары, ресурс үнемдейтін егіншілік әдістері, шығынды ұлғайтпай өнімділікті



арттыру тәсілдері. Климаттық тәуекелдерді азайтуға қабілетті тұрақты агротехнологияларды енгізу қажеттігіне ерекше назар аударылды. Кездесу барысында орталық мамандары жергілікті ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен саланың өзекті мәселелерін талқылады: топырақ құнарлылығының төмендеуі, ылғалдың жетіспеушілігі, жиі ауа райы стресстері жағдайында агротехниканың ерекшеліктері. Тәжірибелік алқаптар мен зертханалық талдаулардың нәтижелеріне негізделген практикалық ұсынымдар берілді.

В Егиндыколь прибыла группа ученых ННЦ зернового хозяйства имени А. И. Бараева

В Егиндыкольском районе состоялось значимое для аграриев событие — рабочий визит специалистов Научно-производственного центра зернового хозяйства имени А. И. Бараева. Цель встречи — продвижение и внедрение инновационных разработок в рамках бюджетной программы, направленной на повышение эффективности земледелия и адаптацию сельхозпроизводства к меняющимся климатическим условиям. Учёные представили аграриям современные технологии, основанные на многолетних научных исследованиях: новые сорта зерновых культур, адаптированные к засушливым регионам, методы ресурсосберегающего земледелия, подходы к повышению урожайности без увеличения затрат. Особое внимание было уделено необходимости внедрения устойчивых агротехнологий, способных минимизировать климатические риски. В ходе встречи специалисты центра подробно обсудили с местными сельхозтоваропроизводителями актуальные проблемы отрасли: снижение плодородия почв, нехватку влаги, особенности агротехники в условиях частых погодных стрессов. Были даны

маңыздылығын атап өтіп, алдағы ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді. Ғылым мен практика бірлесіп әрекет ете отырып, саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, өңірдің өнімділігін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға қабілетті. Ғалымдардың жұмысы жалғасады: жақын арада олар аудан шаруашылықтарында енгізілетін технологияларға қосымша консультациялар мен мониторинг жүргізуді жоспарлап отыр.

практические рекомендации, основанные на результатах опытных полей и лабораторных анализов. По словам ученых, сегодня как никогда важна тесная связь науки и производства. Современные вызовы требуют оперативных решений, а такие встречи позволяют перенести передовые разработки непосредственно в поля — туда, где они дают реальный эффект. Аграрии Егиндыкольского района отметили значимость визита и выразили готовность к дальнейшему сотрудничеству. Наука и практика, действуя вместе, способны обеспечить стабильное развитие отрасли, повысить урожайность и укрепить продовольственную безопасность региона. Работа ученых продолжится: в ближайшее время они планируют провести дополнительные консультации и мониторинг внедряемых технологий в хозяйствах района.

Соб.инф

Закон и право

В районном акимате состоялось заседание комиссии по делам несовершеннолетних

В районном акимате состоялось заседание комиссии по делам несовершеннолетних
В большом зале районного акимата состоялось очередное заседание комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав. На повестку дня были вынесены актуальные вопросы, касающиеся безопасности и благополучия детей и подростков. Одним из ключевых вопросов стало обсуждение мер профилактики суицидальных проявлений среди несовершеннолетних. Представители отдела образования, колледжа и отдела полиции представили информацию о проводимой работе: индивидуальных беседах с учащимися, мониторинге психологического состояния подростков, взаимодействия с родителями, а также о расширении профилактических мероприятий в учебных заведениях. Кроме того, члены комиссии рассмотрели служебное ходатайство, поступившее от органов полиции, связанное с вопросами профилактики правонарушений среди подростков. Материал обсуждался в закрытом режиме, в рамках действующих правил работы с документами ограниченного доступа. По итогам рассмотрения принято соответствующее решение. Комиссия подчеркнула важность тесного взаимодействия всех служб района, образовательных организаций и семьи в вопросах защиты прав детей и предупреждения негативных явлений в подростковой среде.

Соб.инф

Светлый след в сердцах земляков

Сегодня жители Егиндыкольского района с глубокой скорбью проводили в последний путь своего земляка — Виктора Алексеевича Савицкого. Он родился 3 марта 1950 года и всю свою сознательную жизнь посвятил родному краю. В 80-е годы прошлого века Виктор Алексеевич трудился главным инженером, затем возглавлял Егиндыкольскую (Краснознаменскую) нефтебазу. Его отличали ответственность, принципиальность и умение работать с людьми. После реорганизации предприятия он, как и многие, открыл своё дело. В 90-е годы организовал сеть автозаправочных станций по населённым пунктам района, а вместе с сыновьями — Сергеем, Евгением и Максимом — создал крестьянское хозяйство по выращиванию зерновых культур. Труд на земле был для него не просто работой, а делом жизни. Виктор Алексеевич был человеком редкой душевной щедрости — скромным, трудолюбивым, добрым и отзывчивым. Он пользовался искренним уважением среди земляков, коллег и друзей. Его жизненный путь — пример честного служения людям и своему краю. Светлая память о Викторе Алексеевиче Савицком навсегда сохранится в сердцах всех, кто его знал. Искренние соболезнования родным и близким. Пусть земля ему будет пухом.

районный Совет ветеранов

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет « Алтын астық »газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдері материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.